

Педагогикалық кеңес
ХАТТАМА № 9

« 15 » маусым 2023 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны– 24

Кітапханашы-2

Шағын орталық тәрбиешісі-1

Күн тәртібінде:

1.Оқу жылының қорытындысын талдау

Тыңдалды: Күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша мектеп директоры А.Аксеитова сөз алды. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылып, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері жұмыла жұмыс атқарып білім пайызы көтерілу жұмыстары берілген болатын. Осы жұмыстардың атқарылуы жақсы деңгейде өтіп жатқандығын айтып өтті.

Тыңдалды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Абдрахманова сөз алды. Оқу жылының аяқталуы туралы айтып өтті. 2022-2023 оқу жылы өте танымды, білім беру жолындағы маңызды орынға ие оқытушылардың біліктілігін арттыру семинар және әдістемелік күндері өтілді. Мектепшілік, аудандық іс-шараларға қатысып өз шеберліктеріне көрсетті. Аудандық әдістемелік күнде мектебіміздің И.Төленді физика пәнінің мұғалімі өз сабағын көрсетіп өтті. (қосымша талдама жұмыспен таныстырды)

Тыңдалды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жаксыбаева сөз алды. Оқу жылының аяқталуы туралы айтып өтті. 2022-2023 оқу жылы өте танымды, тәрбие жұмысы жоспарлы, жүйелі түрде толық қанды өз мәресіне жетті. Сынып жетекшілер өз шеберліктері көрсетіліп өтті. Мектепшілік, аудандық іс-шараларға қатысып жүлделі орындарға ие болған мұғалімдер аталып өтті. (қосымша талдама жұмыспен таныстырды)

Тыңдалды болжалды еңбекпен қамту жұмыстары туралы айтылды. 9-11 сынып жетекшілері Жұмабай Барнагүл, сөз алды. 9 сыныптан кейін орта оқу орындарына (колледждерге) кететін оқушылар тізімін атап өтті. Оқушылардың көп бөлігі Астанадағы оқу орындарын таңдап отырғандарын айтып өтті. 11- сынып оқушылары ҰБТ ға дайындалып жүргендері, оқу орындарға түсу туралы нақты мәліметтерді беретіндерін айтып өтті.

Тыңдалды мектеп директоры А.Аксеитова жетістіктері бар мұғалімдер аталып өтілді, әр мұғалімнің жетістігі туралы айтылды.

Қаулы қабылданды:

1. Оқу жылының аяқталуы жақсы деп танылсын.
2. Оқу жылын аяқтау туралы бұйрықпен таныстырылсын.
3. Болжалды еңбекпен қамту жұмыстары жалғастырылсын.
4. Педагогтардың жетістіктері ескеріле отырып, аталған мұғалім ережеге сай тамыз кеңесіне марапаттауға ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Аксеитова

Хатшы: Н.Молдагайсина

